

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2021 жылғы « 13 » қаңтардағы  
№ 6 қаулысымен  
бекітілген

**Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің  
2021 жылға арналған ұлттық жоспары**

1. Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің 2021 жылға арналған ұлттық жоспары (бұдан әрі – Ұлттық жоспар) Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 16-бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 15 маусымдағы № 370 қаулысымен бекітілген Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлу және Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарындағы квоталардың белгіленген мөлшердегі резерві мен көлемін қалыптастыру қағидаларына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының климаттың өзгеруі саласындағы халықаралық шарттарының ережелерін ескере отырып әзірленді.

2. Ұлттық жоспарда:

1) парниктік газдар шығарындыларына квота белгілеу бойынша талаптар қолданылатын қондырғылардың көміртегі қостотығының шығарындыларына 2021 жылға арналған квота (лимит) белгіленеді;

2) парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлуде метан шығарындылары қосылмайды және олар парниктік газдар шығарындыларын азайту бойынша ішкі жобалар шеңберінде реттеледі;

3) парниктік газдар шығарындыларына квота есептеу үшін 2017 – 2019 жылдарды айқындайды.

3. Мұнай-газ, электр энергетикасы, тау-кен өндірісі, металлургия, химия, өңдеу (құрылыс материалдары: цемент, әктас, гипс және кірпіш өндіру бөлігінде) салаларында қызметін жүзеге асыратын қондырғылар үшін 169187227 бірлік мөлшерінде парниктік газдар шығарындыларына квоталардың жалпы көлемі осы Ұлттық жоспарға 1-қосымшаға сәйкес 2021 жылға тегін бөлінеді.

4. Парниктік газдар шығарындыларына квоталардың жалпы көлемі осы Ұлттық жоспарға 2-қосымшаға сәйкес қондырғылар тізбесіне сәйкес бөлінеді.

5. Парниктік газдар шығарындыларына 2021 жылға арналған квоталар көлемінің резерві 11500000 квота бірлігін құрайды.